

**2021 жылғы электр энергиясын беру қызметтері бойынша «ҚЭТТК» АҚ қызметі тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу мен реттелетін көрсетілетін қызметтер сенімділігі және сапасы көрсеткіштерін сақтау, бекітілген инвестициялық бағдарлама, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы бойынша жыл сайынғы ЕСЕБІ**

### **1. Кәсіпорынға сипаттама**

Кәсіпорын пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 121,21 шақырымды** құрайды, қосалқы станциялардың саны – **1867 дана**.

Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы **69%** құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 35-40 жылды құрап отыр.

### **2. 2020 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері**

Оперативтік мәліметтер бойынша:

жалпы табыс – **6 525 млн.теңгені** құрады, оның ішінде: *(негізгі қызметтен 4 882 млн.теңге, өзге де қызметтерден 1 643 млн.теңге)*.

Жалпы шығыстарға **7 599 млн.теңге** жұмсалды, оның ішінде: *(негізгі қызметке 6 257 млн.теңге, өзге де қызметтерге 1 342 млн.теңге)*.

Жылдық шығын **1 074 млн.теңгені** құрайды, оның ішінде: *(негізгі қызметтен 1 375 млн.теңге шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 301 млн.теңгені құрап отыр)*.

Өндірістік шығындар көлемі - қызметтерді апаттық жағдайларсыз және сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, нақты амортизацияның 2 есеге ұлғаюы және жыл ішінде энергия көздерінен электроэнергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

### **Дебиторлық және кредиторлық қарыздарының құрылымы**

**Дебиторлық қарыз** - 2021 жылдың 31 желтоқсанына **782 млн.теңгені** құрады. ЭЖҰ (энергиямен жабдықтаушы ұйымдар) негізгі дебиторлар болып саналады, олардың қарыздары - 610 млн. теңге.

**Кредиторлық қарыз** - **923 млн.теңге**, оның ішінде: электр энергиясы үшін қарызы - 329 млн.теңге, материалдар, қызметтер, салықтар үшін - 594 млн.теңге.

### 3. Электр энергиясын беру жөніндегі реттелетін көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада транзит көлемі **981 млн.кВт\*сағат** болып бекітілген, есепті жылға транзиттің нақты көлемі **1 002 млн.кВт\*сағатты** құрап, бекітілген мөлшерден 2%-ға ұлғайды. Электроэнергиясының транзиты 2020 жылмен салыстырғанда (2020 жылы электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 871 млн.кВт\*сағатқа құрады) 131 млн.кВт\*сағатқа немесе 15 пайызға өсіп отыр.

### 4. Реттелетін көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

2021 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қаукей елді мекенінде 10 кВ әуе желісін дамытуға облыстық бюджеттен **80 млн.теңге** қаражат бөлініп, **25 шақырым** 10 кВ әуе желісі жүргізілді.

2019-2021 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Аққыр, Жаңадария, Мәдениет, Аққұм, Жанаталап, Бұхарбай батыр елді мекендерінде 10/0,4 кВ электр желілерін дамыту мақсатында облыстық бюджеттен **590 млн. теңге** бөлінді. Қазіргі таңда, жоғарыда айтылған барлық 6 елді мекен бойынша **109,54 шақырым 10/0,4 кВ** электр желілері және **35 дана 10/0,4 кВ қосалқы** станцияларына қайта жаңарту жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді.

2021 жылы Қызылорда қаласының Арай, Титов және Қызылжарма шағын аудандарында 10/0,4 кВ әуе желілерін дамытуға облыстық бюджеттен **250 млн. теңге** мөлшерінде қаржы экономикалық негіздемесі бекітіліп, қазіргі таңда 202 млн. теңгесі бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. Қайта жаңғыртудан өтетін нысандардың көлемі: **41,2 шақырым 10/0,4 кВ** әуе желісі, **9 дана 10/0,4 кВ** қосалқы станция, **1 дана** арнайы техника.

Қалған 48 млн.теңге қаражаттың бөлінуі 2022 жылға қарастырылған. Барлық жұмыстардың аяқталу мерзімі – 2022 жылдың екінші жартыжылдығында жоспарлануда.

2021 жылы компания өз меншігіндегі Байқоңыр қаласында орналасқан ГТЭ-72 нысанын сату арқылы түскен **123 млн.теңге** қаражатқа, Арал ауданы, Сексеуіл кентінің 10/0,4 кВ электр желілерін дамыту жұмыстарын жүзеге асыруда. Жоба нәтижесінде, **25,7 шақырым 10/0,4 кВ** әуе желілері салынып, қосымша **2 дана 10/0,4 кВ** қосалқы станциясы орнатылып, Сексеуіл кентіндегі 1048 тұтынушыны тұрақты, сапалы электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

**5. 2021 жылға инвестициялық бағдарламаның, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының орындалуы**

2021 жылға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына Уәкілетті органмен **271 млн.теңгеге** бекітіліп, жұмыс толығымен орындалды. Атап айтқанда, күрделі жөндеу жұмыстары **598,75 шақырым** 35/10/0,4 кВ әуе желісін, **8 дана** 110/35/10 кВ қосалқы станциясын, **71 дана** 10/0,4 кВ қосалқы станциясы және ағымдағы жөндеу жұмыстары **482,2 км** аумағында 110/35/10/0,4 кВ әуе желісін, **8 дана** 110/35/10 кВ қосалқы станциясын, **53 дана** 10/0,4 кВ қосалқы станциясын құрайды.

Уәкілетті органмен 2021 жылға Инвестициялық бағдарлама **26,99 млн.теңгеге** бекітіліп, **«570 ST тиегіш экскаватор автотехникасы» сатып алынды**. Бүгінгі таңда, 570 ST тиегіш экскаваторы апаттық жағдайларды жою мен күрделі жөндеу жұмыстарына, әуе желілерінің астын тазалау және кабельдік каналдарын қазу жұмыстарына пайдалануда.

*Табиғи монополиялар  
субъектілерінің қызметін  
жүзеге асыру қағидаларына  
5-қосымша  
1-Нысан*

**Бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындалуы туралы ақпарат**  
**«Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы» АҚ –ның**  
**2021 жыл бойынша жылдық қорытындысы**  
**электр энергиясын беру қызметі**  
*(реттеліп көрсетілетін қызмет)*

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Пайда мен шығындар туралы есеп *	Инвестициялық бағдарламаның сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Зағтай көрсеткіштердегі саны			Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	Жоспары	Факт	ауытқу	ауытқу себептері
				план	факт						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

**2021 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі**

1	Электр энергиясын беру. Қызмет көрсетілетін аумақ- Қызылорда облысы , аумағы 75 612 км2 .		Арнайы автотехника сатып алу	дана	1	1	2021 жыл		26 987	26 977	10		Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерде нақты ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
собственные средства		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету		25	26
Амортизация	пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24		
26 987	0	0	0	0,66	0	69	69	14,7	14,7	428	238		Электр энергиясын беру жөніндегі реттелетін қызметтер көлемдері тарифтік сметада 981 млн.кВт*сағат болып бекітілген, есепті жылға нақты көлемі 1 002 млн.кВт*сағатты құрап, бекітілген



**6. 2021 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы****2021 жылға бекітілген тарифтің құрылымы**

Бекітілген тарифте материалдық шығындардың үлес салмағы -5%-ды, жөндеу жұмыстарына шығындары -5%-ды, еңбекке ақ төлеуге шығындары -27%-ды, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің (НМА) амортизациялық аударымдары - 11%-ды, салықтар -3%-ды, өзге ұйымдар қызметтері -3%-ды, ысыраптар өтелуіне шығындар -38%-ды, Еуропалық қайта құру және даму банкі сыйақылары төленуіне шығындары - 8%-ды құрады.

Тарифте табыс ескерілмеген.

Табиғи монополиялар  
субъектілерінің қызметін  
жүзеге асыру қағидаларына  
5-қосымша  
2-Нысан

**Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**  
**«Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы» АҚ –ның**  
**2021 жыл бойынша жылдық қорытындысы**  
**электр энергиясын беру қызметі**  
*(реттеліп көрсетілетін қызмет)*

р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделгені	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
I.	Тауарларды өндіру және қызметтерді ұсыну шығындары, барлығы	млн.тенге	2 545	3 369	32	
	<i>оның ішінде;</i>		-			
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	263	341	29	Материалдарға бағалардың өсуі, апаттық жағдайларды болдырмау, сапалы электр энергия мен электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру

2021 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

						мақсатында қосымша апаттық-қалпына келтіру жұмыстары мен электр желілеріне қызмет көрсету жұмыстарының артық көлемде орындалуы.
2.	<b>Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар</b>	млн.тенге	<b>1 387</b>	<b>1 458</b>	<b>5</b>	Білікті кадрлар тұрақтамауын болдырмау үшін, өндірістік персоналдардың еңбекақы-сының өсуі есебінен қалыптасты.
3.	<b>Амортизация</b>	млн.тенге	<b>577</b>	<b>1 231</b>	<b>113</b>	ЕҚҚЖДБ несиесі бойынша негізгі қарызын төлеуге 577 млн.теңге бекітілген, 2021 жылға есептелінген негізгі қарыз көлемі толығымен төленді. Алайда, амортизацияның нақты есебі 1 232 млн.теңгені құрап, жыл қорытындысы бойынша 655 млн.теңге жоспардан артық шығынды құрады.
4.	<b>Жөндеу, барлығы</b>	млн.тенге	<b>271</b>	<b>2 72</b>	<b>1</b>	Толығымен орындалды
4.1	<i>Оның ішінде: ағымдағы жөндеу</i>	млн.тенге	40	40	-	
4.2	<i>күрделі жөндеу</i>	млн.тенге	231	232	1	
5.	<b>Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері, барлығы</b>	млн.тенге	<b>47</b>	<b>67</b>	<b>44</b>	Апаттарды уақытылы жою, ақаусыз және сапалы қызмет көрсету мақсатында өндірістік сипаттағы шығындар 20 млн. теңгеге артты (темір жол, күзет, арнайы техникаларды жалға алу қызметтері және т.б.).
II.	<b>Кезең шығыстары, барлығы</b>	млн.тенге	<b>628</b>	<b>694,7</b>	<b>11</b>	
6.	<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде</b>	млн.тенге	<b>223</b>	<b>240,7</b>	<b>8</b>	
6.1.	Материалдық емес активтер амортизациясы	млн.тенге	<b>1</b>	<b>1</b>	-	Толығымен орындалды.
6.2.	Салықтар	млн.тенге	<b>144</b>	<b>141,7</b>	<b>98</b>	Мүлік салығының орындалмауы себеп болды. Орындалмау себебі «Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен «ҚЭТТК» АҚ балансына жоспар бойынша берілетін нысандар толық берілмеуі салдарынан орын алып отыр.
6.3	Басқа да шығындар	млн.тенге	<b>78</b>	<b>98</b>	<b>26</b>	Артық шығын өндірістік қажеттілікке байланысты, нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес қосымша шығындардан пайда болған.
7.	<b>Сыйақы төлеу шығындары</b>	млн.тенге	<b>405</b>	<b>454</b>	<b>12</b>	ЕҚҚДБ несиесі бойынша сыйақылар толық төленді.
III	<b>Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар</b>	млн.тенге	<b>1 918</b>	<b>2 160,5</b>	<b>13</b>	Энергия көздерінен электроэнергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуі, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты.
IV	<b>Көрсетілетін қызметтердің барлық</b>	млн.тенге	<b>5 091</b>	<b>6 224,2</b>	<b>22</b>	

**2021 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі**

	<b>шығыстары</b>					
<b>V</b>	<b>Пайда</b>	<b>млн.тенге</b>		<b>-1342</b>		<i>Нақты амортизация және қосымша шығыстар есебінен шығын, электроэнергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуі.</i>
<b>VI</b>	<b>Барлық кірістер</b>	<b>млн.тенге</b>	<b>5 091</b>	<b>4 882</b>	<b>96</b>	<i>Уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі және 2020 жылғы транзит көлемінің ұлғаюына байланысты кірістің төмендеуі себебінен</i>
<b>VII</b>	<b>Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі</b>	<b>млн. кВт*сағ</b>	<b>981</b>	<b>1002</b>	<b>2</b>	<i>Қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен ұлғайту</i>
<b>VIII</b>	<b>Нормативтік техникалық ысыраптар</b>	<b>%</b>	<b>14,70</b>	<b>14,70</b>	<b>-</b>	
		<b>млн. кВт*сағ</b>	<b>143</b>	<b>166</b>	<b>16</b>	<i>Электр энергиясы транзитінің көлемін ұлғайту есебінен шығындардың ұлғаюы</i>
<b>IX</b>	<b>Электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ҚҚС-сыз)</b>	<b>тенге/кВт*сағ</b>	<b>5,189</b>	<b>4,871</b>	<b>94</b>	
	<i>2020 жыл бойынша тұтынушыларға өтелмеген шығын сомасы</i>	<i>млн.тенге</i>	<b>94</b>			
	<i>2020 жылдың көлемі ұлғаюдан түскен кірістің айырма сомасы</i>	<i>млн.тенге</i>	<b>115</b>			
<b>X</b>	<b>Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі барлық кірістер</b>	<b>млн.тенге</b>	<b>4 882</b>	<b>4 882</b>		<i>Уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі</i>
<b>XI</b>	<b>Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ҚҚС-сыз)</b>	<b>тенге/кВт*сағ</b>	<b>4,976</b>	<b>4,871</b>	<b>98</b>	<i>2021 жылға бекітілген тарифтік сметада шығындар 4,976 теңге тариф бойынша есептелінген. Алайда, есепті жыл ішінде, 2021 жылдың 01 қаңтары мен 31 наурызы аралығында 0,475 теңгеге төмендетілуімен 4,501 теңге, 01 тамыз бен 31 желтоқсан аралығында 0,083 теңгеге төмендетілуімен 4,893 теңге уақытша өтемді тарифі қолданылған. Бұл ретте орташа өлшемді тариф 4,871 теңгені құрады.</i>

**7. Реттелетін көрсетілетін қызметтер сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуы бойынша ақпарат**

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2021 жылы 2-дәрежелі істен шығулар 385 рет тіркеліп, 2020 жылмен салыстырғанда 43-ке немесе 10 %-ға азайған.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.



Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

**2021 жыл бойынша жылдық қорытындысы**  
**«Қызылорда Электр Тарату Тораптары Компаниясы» АҚ**  
**электр энергиясын беру қызметі**  
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

№	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2020 жылдың дерегі	2021 жылғы жоспары (нормасы)	2021 жылдың дерегі	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталмауының себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	0,833	3,5	1,199	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	1,097	3,5	1,542	норма	жоқ
3	Сервис орташа қолжетімлігінің индексі (CAIDI)	1,317	нормаланбайды	1,287	норма	жоқ
4	Тұтынушылар электрмен жабдықталуы үзілістері орташа жиілігінің индексі (CAIFI)	0,003	нормаланбайды	0,002	норма	жоқ
5	Тұтынушының үзілу индексіне үзілуі (CPII)	323,631	нормаланбайды	521,685	норма	жоқ
6	Жүйе жұмысындағы қысқа мерзімді үзілістер жиілігінің орташа индексі (MAIFI)	0,215	нормаланбайды	0,231	норма	жоқ
7	Тұтынушылар қоректендірілуі орташа ұзақтығының индексі (ASAI)	0,068	нормаланбайды	0,045	норма	жоқ

**2021 жылға тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат**  
**2021 жыл бойынша жылдық қорытындысы**  
**«Қызылорда Электр Тарату Торантары Компаниясы» АҚ**  
**электр энергиясын беру қызметі**  
*(реттеліп көрсетілетін қызмет)*

№	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2020 жылдың дерегі	2021 жылға жоспар	2021 жылдың дерегі	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	871	981	1 002	102	жоқ
	Электр энергиясын беру, млн теңге	3 928	4 882	4 882	100	
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	152	143	166	116	жоқ
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	1 773	1 918	2 161	113	

Облыста тұрғын үй секторының ұлғаюы, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік нысандардың жаңадан қосылуы, электр энергиясы тұтынушыларының нарығының кеңеюі, Қызылорда облысын электрмен жабдықтаудың дамуы есебінен электр энергиясы транзиті көлемі бекітілген жоспардан 21 млн.кВт\*сағатқа немесе 2%-ға өскен. Электр энергиясы транзиті өсуіне байланысты нормативтік ысыраптар 243 млн.теңге немесе 13 % көбейді.